

Бекітемін:

«Аманкелді негізгі мектеп»КММ

директоры м.а: Б.С. Карасаева

Аманкелді негізгі мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы

«Жаңа жыл-2023» ертеңгіліктерінің кестесі.

№	Сыныбы	Күні	Уақыты	Мұғалімі
1	1-9 класс	28.12.2023	16.00-18.00	Т.С.Жұмабекова С.Р.Сағырбаева

Ақтөбе облысы, Алға ауданы

**«Ақтөбе облысының Білім басқарамасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ
«Аманкелді негізгі мектебі» ҚММ-нің
қызметін өзін-өзі бағалау қорытындысы**

2023-2024 оқу жылы

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу ағарту министрінің 2022жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, 23.09.2022жыл №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

- «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012ж.№500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022ж. №365; 30.09.2022ж. №412; 18.08.2023ж №264 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

- Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022ж. №467, 05.07.2023ж. №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен;

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ-76бұйрығы.

- 31.08.2022жылғы №1 педагогикалық кеңестің шешімімен – «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы) ҚР Оқу -ағарту министрінің 18.08.2023 №264 1-қосымшалары, Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыз №365 бұйрығының 6- қосымшалары, ҚР Оқу – ағарту министрінің 30.09.2022 №412 39-қосымшасы таңдап алынды.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

Карасаева Ботакөз Сайлаубековна	Мектеп директорының міндетін атқарушы
Альбекова Айнагүл Пронзаевна	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Нурмуканова Балдырган Буркитовна	Мектеп психологі
Шабенов Мунар Сансызбаевич	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі.
Калдыбекова Аслима Касымжановна	Кәсіподақ төрайымы

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп сарапталды, олар:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқу және оқыту;

- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

«Аманкелді негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жалпы сипаттама.

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Ақтөбе облысы білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Аманкелді негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

· БСН 980140003017 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2021 жылдың 08 қаңтарында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 1998 жыл 06 қаңтар.

· Заңды мекен-жайы: 030208, Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы Алға ауданы Қарабұлақ ауылдық округі, Аманкелді ауылы, Әбілқайыр Хан көшесі, 12 үй. Электрондық мекен-жайы: amangeldi_nm1@mail.ru, Телефон, факс: 8 (71337) 7-15-30.

· Мектептің техникалық паспорты 2013 жылы 22 шілдеде жасалған. Сериясы –А; А1, қабат саны-1, құрылыс ауданы-304,9 ғимараттың ауқымы- 792, жалпы алаң- 239,7, салынған жылы-1974; 1996 жыл (көшірме қосымша ұсынылады).

«Аманкелді негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 25 ақпан 2019 жылы тіркеліп, Ақтөбе облысының әкімдігінің

2016 жылғы 31 қазанындағы №408 қаулысымен бекітілген (көшірме қосымша ұсынылады);

· «Аманкелді негізгі мектебі» КММ–нің басқару органы -«Ақтөбе облысының білім басқармасы»; Құрылтайшысы-«Ақтөбе облысының әкімдігі».

· Ақтөбе облысы Алға ауданы Қарабұлақ селолық округі әкімінің 2006 жылғы 06 қарашадағы №2 шешімі негізінде тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (жер учаскесінің алаңы –0,0967 га) кадастрлық номері: 02-022-019 -021 (көшірме қосымша ұсынылады).

Мектептің білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БЖҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, Мектеп Жарғысына сәйкес жүзеге асырылуда.

· Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 21 қаңтар 2021 жылғы №KZ06LAA00019881, мерзімі– шектелмеген (көшірме қосымша ұсынылады).

· Мектептің қаржы-экономикалық жағы Аудандық білім бөлімінде орталықтандырылған. Мекеменің ағымдағы шоты, мөрі бар.

2. Кадрлық құрамға талдау


Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1. бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын **біліктілік талаптарын** және оларға сәйкестігі растайтын құжаттар тізбесін сақтау.

№	Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)	Туған күні, айы	Жоғары және/немесе техникалық және кәсіптік және/немесе орта білімнен кейінгі білім туралы, педагогикалық қайта даярлау туралы мәліметтер, мамандығы, диплом бойынша біліктілігі, білім беру ұйымы, бітірген жылы (диплом бойынша)	Негізгі жұмыс орны (ұйымның мекенжайы, лауазымы, өтілі)	Соттылығының жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер	Санат, берілген күні, санат беру туралы бұйрық нөмірі	Медициналық тексеруден өткені туралы мәліметтер (медициналық кітапшаның болуы)* (рұқсат беру мерзімі)
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Карасаева Ботакоз Сайлаубековна	03.12.1973	Жоғары АПИ-1997ж Биология пәні мұғалімі	Аманкелді НМ	сотталмаған	Педагог-мадератор биология 11.09.2023 ж. №369	Санитарлық кітапша бар
2	Альбекова Айнагүл Пронзаевна	22.11.1974	Жоғары АПИ-2007ж Тарих-гертрафия пәні мұғалімі	Аманкелді НМ	сотталмаған	педагог-сарапшы. 03.08.2020ж .№ 1-140	Санитарлық кітапша бар 26.0
3	Нурмуканова Балдырған Буркитовна	20.09.1988	Жоғары АПУ-2003ж Бастауыш пәні мұғалімі	Аманкелді НМ	сотталмаған	педагог- модератор. 20.12.2021 ж. №1-85/1.	Санитарлық кітапша бар 09.08.2023 дейін жарамды
4	Кияшева Жадра Бауыржановна	06.11.1982	Жоғары АПИ-2006ж Математика пәні мұғалімі	Аманкелді НМ	сотталмаған	педагог	Санитарлық кітапша бар 10.10.2023 дейін жарамды
5	Мурзин Абылқайыр Нұрланұлы	17.07.1998ж	Жоғары Эль-Фараби универс. Ағылшын пәні мұғалімі	Аманкелді НМ	сотталмаған	педагог	Санитарлық кітапша бар 09.09.2023 ж. дейін жарамды
6	Сағырбаева Рая Сағындыковна	20.11.1971ж	Тамбовский государственный пед. Инст.1994ж Орыс тілі пәні мұғалімі	Аманкелді НМ	сотталмаған,	педагог	Санитарлық кітапша бар.
7	Калиева Балшырын Кабидуллаевна	14.10.1987ж	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мем. Унив.Қазақ тілі мее әдебиет пәні мұғалімі.	Аманкелді НМ	сотталмаған	педагог-зерттеуші13.08.2021 ж. №212	Санитарлық кітапша бар 27.07.2023 дейін жарамды
8	Машыбаева Токжан Кiekешовна	01.01.1964ж	Жоғары Орал ПИ-1988ж математика - физика пәні мұғалімі	Аманкелді НМ	сотталмаған	педагог	Санитарлық кітапша бар 07.06.23.жарамды
9	Қалдыбекова Аслима Қасымжановна	17.04.1979ж	Жоғары Жұбанов атын. Өңірлік универс. 2021ж Бастауыш пәні мұғалімі	Аманкелді НМ	сотталмаған	педагог- модератор 01.12.2020ж. №1	Санитарлық кітапша бар 22.08.2023ж. дейін жарамды
10	Шабенов Мунар Сансызбаевия	21.07.1988ж	БатысБатыс Қазақстан инновациялық университеті 2021ж Дене шынықтыру пәні мұғалімі	АманкелдіНМ	сотталмаған	педагог-сарапшы. 24.06.2019 ж. № 1-95 §1	Санитарлық кітапша бар 28.02.2024ж. дейін жарамды
11	Аленова Индира Серікқызы	19.03.1986ж	Ақтөбе гум.коледж. 2007ж Бастауыш пән мұғалімі	Аманкелді НМ	сотталмаған	педагог-мадератор. № 161-1. 23.12.2021	Санитарлық кітапша бар 20.03.2024ж. дейін жарамды
12	Жұмабекова Таншолпан Сағытжановна	19.06.1995ж	Ақтөбе гуманитарлық колледж.	Аманкелді НМ	сотталмаған	Педагог-мадератор.02.07.2018ж	Санитарлық кітапша бар


2. *Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер;*

Мектеп педагогтарының 82 пайызы жоғарға оқу орнын бітірген, олардың ішінен 2 педагог арнаулы орта. Ұжымның 18 пайызын арнаулы орта білімді маман иелері құрайды. Базалық білім алған педагог Шабенов М дене шынықтыру пәні мұғалімі, бастауыш пән мұғалімдері Калдыбекова А.К, Нурмуканова Б.Б, қазақ тілі пәні мұғалімі Жұмабекова Т.С.



3. Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер;

Мектеп педагогтері бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау талаптарына сай өз біліктіліктерін қорғап келеді.



«Аманкелді негізгі мектебі» бойынша мұғалімдердің аттестациядан өту мерзімі жайлы кесте
2023-2024 оқу жылы

№	Тегі, аты, әкесінің аты	2023 ж	2024 ж	2025 ж	2026 ж	2027 ж	2028 ж
1	Карасаева Б.С						+

2	Қияшева Ж.Б	+					
3	Альбекова А.П			+			
4	Машыбаева Т.К		+				
5	Калдыбекова А.К	+					
6	Нурмуқанова Б.Б	+					
7	Аленова И.С				+		
8	Шабенов М.С		+				
9	Сағырбаева Р.С	+					
10	Калиева Б.К					+	
11	Мурзин.А.Н	+					
12	Жұмабекова Т.С	+					

4. Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарының және республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер туралы мәліметтер;

№	Мұғалімнің тегі, аты-жөні	Пән аты	Оқушысы	Жүлдесі	Сайыс атауы
1	Карасаева Б.С	жаратылыстану	Алимбайқызы А	Зорын	5-6 класс оқушылары арасында жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша аудандық олимпиада
2	Машыбаева Т.К	математика	Ален Д	Зорын	5-6 класс оқушылары арасында жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша аудандық олимпиада
3	Жұмабекова Т.С	Қазақ тілі	Қайрақбай Р	3 орын	7-8 класс оқушылары арасында жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша аудандық олимпиада
4	Альбекова А.П	Қаз. тарихы	Өтемурат А.Т	3 орын	7-8 класс оқушылары арасында жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша аудандық олимпиада
5	Карасаева Б.С	биология	Бисенбай Ж.Б	3 орын	Аудандық «Аламан» олимпиадасы
6	Жұмабекова Т.С	Қазақ тілі	Бисенбай Ж.Б	2 орын	Аудандық пән олимпиадасы
28	Калдыбекова А.К	математика	Жанабаева К Оразғали Е Бүркіт Н,Дархан Н.	2 орын	Пони халықаралық байқау
29	Калдыбекова А.К	математика	Жанай Н.Ж	2 орын	Пони халықаралық байқау
32	Альбекова А.П	математика	Жанабай Н.Б	2 орын	“Ақбота” олимпиадасы
35	Нурмуқанова Б.Б	Гуманитарлық бағыты бойынша	Бүркіт Нуриман	2 орын	“Ақбота” олимпиада
36	Альбекова А.П	Гуманитарлық бағыты бойынша	Өтемурат А.П	2 орын	“ Ақбота “ олимпиадасы
37	Калиева Б.К	Гуманитарлық бағыты бойынша	Дарханова Г.	3 орын	“Ақбота” олимпиадасы
38	Жұмабекова Т.С	Гуманитарлық бағыты бойынша	Алимбайқызы А	I орын	«Ақбота» олимпиадасы
39	Калдыбекова А.П	Гуманитарлық бағыты бойынша		I орын	“Ақбота” олимпиадасы

3. Білім алушылар контингенті

I. Ағымдағы оқу жылының жұмыс және қоңырау кестесі

Оқу жылының ұзақтығы : 1-9 сынып 1-қыркүйектен 25-ші мамырға дейін.

Барлығы : 5 сынып комплектісі +1 мектепалды даярлық тобы

1-4 сыныптар - 2

5-9 сыныптар - 3

I ауысымда 5 сынып оқиды: 1,2,7,8,9

II ауысымда 4 сынып оқиды: 3,4,5,6

Сабақтың ұзақтығы: I ауысым 08.00-13.50

II ауысым 14.00-19.45

2023-2024 оқу жылының басында **33** білім алушы және МАД -3, 5 класс комплект сынып болды. Оқытудың бастауыш сатысында 1-4 сынып – 16 білім алушы, негізгі сатысында 5-9 сыныптар-17 білім алушы

Сынып-комплект			
Оқу жылы	1-4 сынып	5-9 сынып	
2023-2024	2	3	

Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

1. деңгейлер бойынша оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер;

	1 кластар				2 кластар				3 кластар				4 кластар			
	Бала саны	ЕОҚЕ	Үйде оқитын	Қыз саны	Бала саны	ЕОҚЕ	Үйде оқитын	Қыз саны	Бала саны	ЕОҚЕ	Үйде оқитын	Қыз саны	Бала саны	ЕОҚЕ	Үйде оқитын	Қыз саны
А									1	1						
Жалпы бала саны	1								1	1						
Қазақ сыныбы									1	1						
Орыс сыныбы																

Бастауыш буын бойынша 2023-2024 жыл басына 1 – ЕОҚЕ оқушылар (3-1)ер бала.

2.

№	контингенттің құрылымы	бастауыш мектеп		негізгі мектеп		мектеп бойынша барлық контингент	
		жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны
	жалпы білім беретін сыныптар (2023-2024 жыл басына)	4	16	5	17	9	33

--	--	--	--	--	--	--	--

3. білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер;

№	Оқу жылы	Сынып	Жыл басындағы оқушы саны	келген	кеткен	Жыл соңындағы оқушы саны
1	2023-2024	1-9	33	-	8	25

4. Оқу әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1. Білім беру ұйымының басшысы бекіткен **оқу жұмыс жоспарының**, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті
2. стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;

2023 – 2024 оқу жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және де басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін біріктіреді.

2023 – 2024 оқу жылында – 33 оқушы білім алуда, 5 класс комплект.

1-9 сыныптар аралығындағы сынып жетекшілер құрамы, орналасу тәртібі.

№	Сыныбы	Жетекші	Бала саны
1	1-2	Калдыбекова А.К	6
2	3-4	Аленова И.С	8
3	5-6	Жұмабекова Т.С	4
4	7-8	Қияшева Ж.Б	6
5	9	Сағырбаева Р.С	8

Жоғарыда аталған сынып жетекшілерге арнайы бұйрық шығарылып, міндеттерімен таныстырылады.

Тәрбие жұмысы «**Біртұтас тәрбие бағдарламасы**» бойынша жұмыс атқарды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтырды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: 1.Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тктілік» ұғымдарынның маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлеет тәуелсіздігін және елі мен жерін тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»



2. «Балалар және театр» жобасы



3. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы



4.

5. «Ұшқыр-ой алаңы» жобасы



6. «Жеткеншектің жеті жарғысы» жоба



7. «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы



8. «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы



9. «Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы



10. «9 ай-9 іс-шара»



11. «Ата-аналар» мектебі



Мектеп психологі мен әлеуметтік педагог жұмысы

Психологиялық қызмет – бұл білім беру ұйымының алқалық органы, оның қызметі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психологиялық сауаттылығын сақтауға және нығайтуға, білім беру қызметіне қатысушылар арасында қолайлы психологиялық ахуал жасауға, білім алушыларды оқытуда, олардың оқу – танымдық процесін дамыту мен тәрбиелеуде әлеуметтік, психологиялық – педагогикалық қолдау көрсетуге бағытталған.

Психологиялық қызметтің негізгі мақсаты – білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, тәрбиелеу және әлеуметтендіру, кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауды қалыптастыру үшін білім беру ортасына қолайлы жағдай жасауға бағытталған психологиялық – педагогикалық қолдауды жүйелі ұйымдастыру

Міндеттері:

1. Білім алушыларды психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде әрбір жеке тәсілді қамтамасыз ету;
2. Білім алушылардың бейімделуі, дамуы мен әлеуметтенуі мақсатында кешенді психологиялық диагностикалау;
3. Білім алушының тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру

2023-2024 оқу жылының басында білім беру жүйесінде психологиялық жұмыстарды жүргізу барысында іс-әрекеттің 5 бағыты бойынша жылдық жоспар құрылды. Жоспар бойынша, психологиялық анықтау жұмысын жүргізу мақсатында мектептегі әр сыныптың оқушыларының тізімдері, мектеп алды даярлық тобының оқушыларының, педагогикалық ұжымның тізімдері алынып, дарынды оқушылар және агрессивті мінез-құлыққа бейім оқушылар анықталмады.

I. 1 сынып оқушыларының бейімделуі: 1. Қыркүйек айында 1 сынып оқушыларынан:

1. «Керн-Йерасек» әдістемесі негізінде жүргізілді, бұл оқушылардың ой өрісі дамуы мен мектепке психологиялық дайындық деңгейін анықтайды. Әдістеме 4 тапсырмадан құралған, біреуі ауызша.

Бірінші блок: оқушылардың ой-өрісінің дамуын анықтауға арналған. Балаға бір қатар сұрақтар тізімі қойылады, дұрыс жауап үшін 1 ұпай есептеледі.

Екінші блок: тапсырмалар қолдың ұсақ буындарының моторикасын, көру және қимыл-қозғалыс үйлесімдігінің дамуын анықтауға бағытталған. Әдістеме төмендегі тапсырмадан құралған:

1. Жазу әріптерді үлгіге қарап салу.
2. Бір топ нүктелерді үлгіге қарап салу.
3. Ер адамның суретін салу.

Мақсаты: 2023-2024 оқу жылында оқушының оқуға дайындығын анықтау 1 сыныбында 3 оқушы бар.
Сыныпжетекшісі: -Аленова И.С

оқушылардың оқуға дайындығын зерттеу нәтижесі

№	Баланың аты-жөні	Оқуға дайындығы
1	Матулла Ақмерей	орташа

Көбірек көңіл бөлетін оқушы: Матулла Ақмерей сурет салу функциясы, жазу әріптерін үлгіге қарап салуы төмен дамыған. Осы оқушымен есте сақтау қабілеттері мен зейіннің тұрақтылығы байланысты жұмыс атқарылды.

5-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі жөнінде:

Мақсаты: Оқушылардың психо-эмоционалдық көңіл-күйін, отбасы мүшелерімен қарым-қатынасын, зейінін шоғырландыруын, үзіліс уақыты мен сабақ барысындағы белсенділігін диагностикалау.

Әдістері:

- ✓ Оқу мотивациясының деңгейін анықтауға арналған анкета Н. Лусканова
- ✓ Социометриялық тест
- ✓ Д. Ломпен әдістемесі

Мектебімізде 5 сыныбында барлығы 3 оқушы оқиды. Сынып жетекшісі –Жұмабекова Т.С. Оқушының сынып жетекшісімен қарым-қатынастары жақсы. Оқушы ашық. Жалпы оқушы тыңдауға, өз бетімен тапсырманы орындауға қалыптасқан, белсенді сынып.

Сынып жетекшілерінің сынып оқушыларымен қарым-қатынасы жақсы деңгейде, оқушылар сабаққа көтеріңкі көңіл күймен келеді. Оқушылармен жеке, топпен, жалпылама жұмыс жасайды.

Н. Лусканова сауалнамасы 10 сұрақтан тұрады, оқушының жауап сапасы 5 деңгейге бөлінген.

I деңгей. 15-17 балл – оқу белсенділігі, оқу мотивациясы жоғары. Бұндай балаларда мектеп талаптарының барлығын сәтті орындау талпынысы, танымдық түрткісі бар балалар. Оқушылар мұғалімнің нұсқауларын жауаптылықпен орындайды, егерде нашар баға алса уайымдайды.

II деңгей. 10-14 балл – оқу мотивациясы жақсы орташа. Мұндай көрсеткіш оқу іс-әрекетін сәтті орындайтын бастауыш сыныптарында көрсетеді.

III деңгей. 15-18 балл – мектепке деген қатынасы қалыпты, бірақ мектеп бұндай балаларды оқудан тыс іс-әрекеттермен қызықтырады. Бұндай балалар мектепте өзін жақсы сезінеді, бірақта мектепке мұғаліммен, достарымен қарым-қатынасқа түсу үшін келеді. Бұл балалардың танымдық белсенділіктері төменгі деңгейде қалыптасқан, оларды оқу процесі көп қызықтырмайды.

IV деңгей. 10-14 балл – оқу мотивациясы төмен. Бұл балалар мектепке зауықсыз келеді, сабақтарды босатуды жөн көреді. Сабақта үнемі басқа істермен, ойындармен айналысады. Оқу әрекетінде қиындықтар туындайды. Мектепке тұрақсыз бейімделу жағдайында болады.

V деңгей. 10 баллдан төмен – мектепке деген жағымсыз қатынас,

Бұндай балаларда оқуда қиындықтар туындайды: олар оқу іс-әрекетін орындай алмайды, сыныптастарымен, мұғаліммен қарым-қатынасқа дұрыс түсе алмайды. Кейбір жағдайларда оқушы тапсырманы орындауда агрессия көрсетуі мүмкін.

1 бала I деңгейде жауап берді.

Қыркүйек айында:

- Баланың тәрбиесіндегі ата-ананың белсендігін арттыру мақсатында «Тәрбие отбасынан басталады» тақырыбында әлеуметтік мұғаліммен бірлесе тәуекел тобындағы оқушылардың ата-аналарымен сұхбат өткізілді.

- 5 сынып оқушыларының бейімделуі тақырыбында офлайн режимде ата-аналар жиналысы өткізілді

-Дарынды оқушылармен жұмыс. 2023-2024 оқу жылында 5-9 кластар бойынша 5 дарынды, қабілетті оқушы анықталды. Дарынды, интеллектуалдық қабілеті жоғары балаларды анықтау кезінде (5-9 кл.бойынша) мектептегі оқушылар дарындылықтың бірнеше түріне бөлініп алынды. Олар: көшбасшылық, шығармашылық, көркем орындаушылық, психомоторлы, академиялық, зерделік.

Осы оқушылардың ішінен аудандық пәндік олимпиадаға оқушылар қатысып, жүлделі орындар иемденді. Аудандық пәндік олимпиадаға көптеген оқушылар қатысты.

Мектептің дарынды оқушылары жыл бойы аудандық, облыстық, республикалық деңгейдегі конкурстарға қатысып, жақсы нәтижелермен оралды.

Оқушылардан алынған әдістемелер бойынша қабілеттері жақсы, тапсырмаларды жоғары деңгейді орындап отыр, зейіндері тұрақты, шығармашылық ойлау деңгейлері қалыпты.

Оқушылардың ақыл – ой даму деңгейін анықтау үшін «Штур» әдістемесі алынды, қатысқан 10 сыныптар, сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың интеллектуалдық деңгейі орташа екені анықталды. Логикалық тапсырмалар, кинезологиялық жаттығулар орындап тұруға ұсыныс берілді.

-

-Ата-аналармен жұмыстар: Бастауыш сынып ата-аналарынан қыркүйек айында «Сіздің балаңыздың қызығушылығы» 1 сынып ата-аналарынан сауалнама алынды, «Ата-ананың баламен қарым-қатынасы» мәлімет-сауалнама шағын орталықтан алынды. «5-6 жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктері мен мектепке бейімделуі» шағын дәріс интернет желісі арқылы жіберілді. Қазан айында «1 сынып оқушыларының мектептегі оқуға бейімделуі» 1 сынып ата-аналарымен жиналыс өткізілді, өз ойларын ортаға салды, қиындық тудырып жатқан мәселе жоқ. Қазан айында «баланың мінез-құлық ерекшеліктерін диагностикалау» 2-4 сынып ата-аналарынан сауалнама алынды. Қараша айында «ата-ананың балаға көзқарасы» мектепалды даярлық сыныбының ата-аналарынан сауалнама алынды. Желтоқсан айында «ойынның бала дамуына әсері» баяндама, слайд түрінде ата-аналарға жіберілді. Ата-аналардың бала тәрбиесі туралы өз ойларын айтып, ойынның пайдасы мен зиянды жақтарын жазды.

Жаңа әлеуметтік даму жағдайында қыз балаларға тәрбие берудің жүйесін айқындай отырып, белсенді шығармашылық, іс – әрекеттерге дайын, ұлттық және әлемдік білім нәрімен сусындаған жоғары деңгейдегі мәдениетті және адамгершілігі мол, жан сұлулығы мен тән сұлулығын қатар алып жүре алатын, адамгершілігі мол, жан сұлулығы мен тән сұлулығын қатар алып жүре алатын, өзінен кейінгі ұрпақ алдындағы жауапкершілік ұғымын түсінетін қыз бала тұлғасын қалыптастыру мақсатында «Қызым үйде, қылығы түзде. Жасөспірім қыз баланы тәрбиелеудегі жеті қадам» тақырыбында 7 – 11 класс ата – аналарымен жиналыс өткізілді

Мектептегі әлеуметтік педагогтың басты мақсаты – оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету, рухани жан дүниесін танып білу. Отбасы мен әлеуметтік ортада толыққанды дамуына, әлеуметтенуіне кәсіби қалыптасуы мен өмірлік ұстанымын анықтауға жағдай жасауға ықпал ету.

Қазақстан Республикасының «Бала құқықтары туралы», «Неке және отбасы туралы», «Білім туралы» Заңдарының негізінде баланың құқықтары мен мүдделерін қорғау мектепте мынандай тәртіптеме бойынша жүзеге асырылды:

- *Балалардың құқықтары мен заңды мүдделері туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау*
 - *Ата – аналар, оқушылар, мектеп мұғалімдері үшін кеңестер, тренингтер, диагностикалық жұмыстар ұйымдастыру*
 - *Балалардың бос уақытын ұйымдастыру*
- Мектептегі әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары бекітілді. Функционалдық міндеттер берілді.*
- Әр сыныптың әлеуметтік құжаттары жасақталды. Сол паспорт бойынша отбасылар саны, бала саны, әлеуметтік жағдайлары анықталды.*
- Есепте тұрған отбасы жоқ. Ата – ана, психолог, сынып жетекшілермен тығыз байланыста болып, көптеген жұмыстар атқарылды.*

Кітапхана жұмысы

Мектеп кітапханасы мектебіміздің 1 қабатында орналасқан. Кітапхана – рухани азық алатын мекен. Адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастырудың бір жолы - кітап оқу. 2023 – 2024 оқу жылында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру мақсатында білім алушылар арасында **«Оқуға құштар»** жобасы жалғасын тапты. Жобаның негізгі бағыттары өзара қарым қатынас пен әлеуметтік әріптестік арқылы білім алушылардың оқу құзыреттілігін, оқу мәдениеті мен оқу белсенділігін арттыруға бағытталған.

Кітапхана жұмысының өзекті мәселесі: «Оқушыларды біліммен қаруландыра отырып, шығармашылық қабілеттерін арттырып, қоғамның саналы азаматы болуға көмектесу.»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі отырысында сөйлеген сөзінде оқу мәдениетіне баулу, оқу сауаттылығын дамыту еліміздегі орта білім беру ісінің басым бағытына айналу тиіс. Баланың оқуға деген қызығушылығы қоршаған ортаны кітап арқылы тануы мектеп қабырғасында қалыптасуы керек. Ал кітапхана оқушының сол ынтасын оятып, оны қызықты кітап әлеміне жетелеуі қажет деген болатын.

Кітапхананың кітап қоры туралы статистикалық есебі

№	Атауы	2023-2024
1	Жалпы кітап қоры	6376
3	Оның ішінде оқулықтар	1808
5	Оқырман саны	40
6	Кітапханаға келуі	25

Осы мәселеге орай мектеп оқушыларымен 2023-2024 оқу жылының қыркүйек айынан бастап осындай жұмыстар жүргізілді:

Кітапханаға жаңадан келген оқулықтарды штампелдеп және кесте құрып класс бойынша таратылды.

Оқуға құштар мектеп жобасы аясында мектептің кітапханасында бастауыш сыныптар аралығында «Мен кітап оқи аламын» атты 20 минуттық оқу ұйымдастырылды. Оқушылар өздерінің жақсы көретін ертегілерін сыныптастарына оқып берді. Сонымен қатар мектеп кітапханасында биыл келген жаңа әдеби кітаптардан кітапкөrmесі ұйымдастырылып, библиографиялық шолу арқылы жеткізіп ұсынды.



Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 150 жылына орай мектеп кітапханасында кітапкөrmе ұйымдастырылып библиографиялық шолу өткізді. А.Байтұрсыновтың шығармаларымен таныстырып мектеп оқушыларын оқуға шақырды.

Сонымен қатар 6-7 сынып оқушылары ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқыды.



Жоспар бойынша Қазан айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасында 7-8 сынып арасында «Кітап – адамзаттың асыл қазынасы» атты кітапханалық сабақ өткізілді. Мақсаты: Кітаптің адам өміріндегі маңызы мен білімнің пайдасы жөнінде айту. Кітапқа деген қызығушылығын арттыру, адамгершілікке, ізгілікке, эстетикалық талғам жоғары болуға тәрбиелеу. Шараның соңында «Кітап білім бұлағы» атты кітапкөrmесімен жалғасын тапты. Шараға 9 сыныптан 8 оқушы катысты.

Мақсаты: Оқушыларға қазақтың аса айбынды билерінің бірі – қаз дауысты Қазыбек бидің тарихтағы орны мен шешендік сөздерінің шығу тарихын түсіндіру: жан-жақты талдау жұмыстарын ұйымдастыру.

Сөз өнерін түсініп, қадірлей білуге, өз білімін бағалай алуға, өзгенің пікірін тыңдап, Қазыбек би секілді тарихи тұлғалардың өмірі мен шешендігін терең меңгерту арқылы адамгершілікке, тарихын, әдебиетін құрметтеуге тәрбиелеу.

3. *білім алушылардың рухани - адамгершілік, азаматтық - патриоттық, көркемдік - эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс - әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі)*

Мектептің тәрбие жүйесінде білім алушылардың рухани – адамгершілік, азаматтық – патриоттық, көркемдік – эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асырылуын қамтамасыз ететін сабақтан тыс әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау маңызды. Сабақтан тыс қызмет шеңберінде секция жұмыстары жүзеге асырылды.

Алдағы уақытта көптеген мақсат – міндеттер қойылады. Сол міндеттер атқару үшін жан – жақты жұмыстар жүзеге асырылады.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар: 2023-2024 оқу жылында барлық ЕБҚЕ білім алушылар тізімі мектеп директорымен бекітілді. Инклюзивті білім алушылар жеңілдетілген оқу бағдарламасы бойынша оқытылды. Осы «Психологиялық - педагогикалық қолдап отыруды ұйымдастыру туралы ереже» «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 Заңы, "Білім

туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабы, «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР

Жалпы 2023-2024 оқу жылының өзгерістері жыл басында оқушы саны 33 болды.

Жалпы 2023-2024 оқу жылының өзгерістері жыл аяғында оқушы саны 25 болды.

4. *ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру;*

2023-2024 оқу жылында үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентіне 5-11 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттер» курсы енгізілді.

5-8 сыныптарда – 0,5 сағат (екі аптада бір рет), оқу жылында 17 сағат

9 – сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 35 сағат

Вариативті компонент сағаттары барлық сыныптарда негізгі кестеге салынып ҚББ бөлімінде толтырылды.

2023-2024 оқу жылында вариативті компонентінен төмендегі курстар енгізілді:

Сыныбы	Вариативті компонент	Тақырыбы
2	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	«Қызықты математика»
3	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	«Тоғызқұмалақ»
4	Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар	«Тоғызқұмалақ»
5	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Жаһандық құзыреттілік
6	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Жаһандық құзыреттілік
7	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Жаһандық құзыреттілік
8	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	Жаһандық құзыреттілік
9	Жаһандық құзыреттілік немесе таңдау бойынша басқа курстар	

5. *"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсын*

2023-2024 оқу жылы бойынша «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын оқыту міндетті болып табылады.

1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырды.

6. *"Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсын іске асыру.*

2023-2024 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы негізінде "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны 2 тарау 26 тармақ тармақтарын басшылыққа алынып «26. "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.» және 2 тарау 38 тармағын басшылыққа алынып «38. "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады» Тақырыптар Білім класс электронды журналдың ҚББ бөліміне жазылды.

12) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

2023-2024 оқу жылында топқа бөлу «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті

стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 30,31, 43, 45, 33 тармақтарына сәйкес жүргізілді:

Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

13) Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау.

2023-20234 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 2-қосымшасы 3 тарау 28 -тармағы (28. Бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 27 сағаттан аспайды.)-1-4 кластарда, 3-қосымшасы 3 тарау, 40-тармағы (40. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 5-сыныпта – 28,5 сағаттан, 6-сыныпта – 28,5 сағаттан, 7-сыныпта – 31,5 сағаттан, 8-сыныпта – 32,5 сағаттан, 9-сыныпта – 34 сағаттан аспауы тиіс.) - 5-9 кластарда, 4-қосымшасы 3 тарау 30-тармағы (30. Жалпы орта білім беру деңгейіндегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта аптасына 34 сағаттан аспайды) .

14) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2023-2024 оқу жылында каникул кезеңдері ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2022 жылғы 12 тамыздағы № 363 бұйрығымен және 27.08.2023 күні №1-79/1 мектепшілік бұйрығымен бекітілген:

оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері: 1-11 (12) сыныптарда: күзгі – 7 күн (2022 жылғы 30қазан-5 қараша аралығында), қысқы – 10 күн (2022 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2023 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі-11 күн (2023 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 5-11 ақпанды қоса алғанда) беріледі.